

Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 Қаулысы.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар:

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жыл сайын жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 1 шілдеге және 1 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 қаулысымен.

3. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларына бір ай мерзімде мәдениет саласын дамыту жөніндегі өңірлік бағдарламаларды бекіту және жергілікті бюджеттерде оларды іске асыру үшін қажетті қаражат көздеу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 10 желтоқсанға Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 қаулысымен.

5. Осы қаулының орындалу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т.Орынбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 , 2008.03.11. N 234 Қаулыларымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 24 қарашадағы
N 1161 қаулысымен
бекітілген

Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы

Мазмұны:

1. Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты
2. Кіріспе
3. Мәдениет пен өнердің қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері
5. Негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі
 - 5.1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру
 - 5.2. Сала инфрақұрылымын дамыту және мәдениет объектілерін басқару нысандарын жетілдіру
 - 5.3. Кадрлармен қамтамасыз ету және біліктілікті арттыру
 - 5.4. Өнерді және дарынды тұлғалардың қызметтерін дамыту үшін жағдай жасау
 - 5.5. Халықаралық ынтымақтастық және қазақстан өнеріндегі үздік жетістіктердің шет елдердегі тұсаукесері
- 5.6. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету
- 5.7. Саланы ақпараттық қамтамасыз ету
6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің 20.1-тармағы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын
іске асыру жөніндегі іс-шаралар
жоспарының 6.5.14-тармағы

Бағдарламаны әзірлеуші Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі

Бағдарламаның мақсаты Қазіргі уақыттағы мәдениетті дамыту және
классикалық және халықтық өнердің озық
дәстүрлерін сақтау үшін жағдай жасау,
әлемдік мәдени кеңістікке ықпалдасу

Міндеттері Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
сала инфрақұрылымын дамыту және мәдениет
объектілерін басқару нысандарын жетілдіру;
кадрлармен қамтамасыз ету және
біліктілікті арттыру;

өнерді және дарынды тұлғалардың
қызметтерін дамыту үшін жағдай жасау;
халықаралық ынтымақтастық және қазақстан
өнерінің үздік жетістіктерінің шет
елдердегі тұсаукесері;

материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
ақпараттық қамтамасыз ету

Іске асыру мерзімі 2006-2008 жылдар

Қажетті ресурстар 2006-2008 жылдарда Бағдарламаны іске
және қаржыландыру асыруға республикалық бюджет қаражаты
көздері бағытталған. Республикалық бюджеттен
жалпы шығындар 6 954,5 млн.теңгені, оның
ішінде 2006 жылы - 1 503, 0 млн. теңгені,
2007 жылы - 2 831,8 млн.теңгені, 2008
жылы - 2 619,7 млн.теңгені құрайды.

2007-2008 жылдарға арналған шығыстар
көлемі тиісті қаржы жылына арналған
"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес анықталатын
(нақтыланатын) болады.

Бағдарламаны іске асыру- Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:
дан күтілетін нәтиже мәдениет саласында халықты қызметтермен
қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін
және үнемі дамып отыратын жүйе
қалыптасады;

саланы басқару жөніндегі мемлекеттік
тетік қазіргі заманғы, бүгінгі күн
мәдениетінің серпінді процестерін
дамытуға қабілетті етіп өзгертіледі;
2006 - 2008 жылдары:
драма театрларында 110 жаңа қойылым және
концерттік ұйымдарда концерттік
бағдарламалар жүзеге асырылады
жүзеге асырылады;
ұлттық және әлемдік классиканың және
Қазақстан композиторлары туындыларының 6
операсы, 7 балеті қойылады;
республикалық концерттік ұйымдардың
Қазақстанның қалалары мен аудандарына 68
гастрольдық сапарлары өткізіледі;
мыналар өткізіледі:
3 халықаралық театр және 3 кинофестиваль,
халықаралық балет әртістері, вокалистер,
пианистер конкурстары;
патриоттық ән конкурстары;
республикалық дәстүрлі орындаушылар
конкурстары (2006, 2008 жылдар);
Бұдан басқа Қытайдың Ұлттық
кітапханасында Қазақстанның Мәдениет
орталығы ұйымдастырылады (2006 жыл);
Бағдарламаны іске асыру кезеңінде
нормативтік құқықтық кесімдер
әзірленеді, мәдениет объектілері
жөндеуден өткізіледі, 157 мұражайдың
200-ден астам экспонаттары қайта
жаңартылады, мемлекеттік мұражайлар өнер
туындыларының 700 бірлігін сатып алады
және республикалық мұражайлар қорлары
50%-ға қайта жарақтандырылады.

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 , 2008.03.11.
N 234 Қаулыларымен.

2. Кіріспе

Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің 20.1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.14-тармағына сәйкес әзірленді.

Рухани және материалдық мәдениетті сақтау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыс бағдарламалық құралдар мен әдістерді, пәрменді ұйымдастыру және қаржылық қолдауды талап етеді. Қоғам мен мемлекеттің күш-жігерін арнайы ұйымдастырылған және мақсатқа бағытталған процеске біріктіру мәдени күйзелістің қауіпті аймағын бейтараптандыруға, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің тұтастығын қалпына келтіруге, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың шынайы өнімді түрлері мен нысандарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Осы Бағдарлама мемлекет пен қоғам өміріндегі мәдениеттің түпкілікті маңыздылығынан туындап отыр. Бұл ретте мәдениет зайырлы демократиялық мемлекеттің тыныс-тіршілігі жағдайында халықтың адамгершілік бағдарларын сақтау міндетін мойнына алып, ол мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларына әсер ететін рухани құндылықтардың тұтас жүйесі ретінде қарастырылады.

Бағдарламаны іске асыру халықтың барлық жіктерінің отандық және әлемдік мәдениет туындыларына қол жетімділігін қамтамасыз етуге жәрдем етеді, Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтауға, шет елдерде Қазақстан мәдениетінің жоғары беделін қолдауға ықпал етеді.

3. Мәдениет пен өнердің қазіргі жай-күйін талдау

Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени қайта құрулар кезеңінде мәдениет пен өнер саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты қалыптасқан мәдени кеңістік құрылымын сақтау және жаңа экономикалық қарым-қатынастарға кешу жағдайында оны оңтайландыру болды.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша бүгінгі күні елде 48 театр, 62 концерттік ұйым, 3539 кітапхана, 154 мемлекеттік мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 2259 клуб түріндегі мекеме, 42 луна-парк пен демалыс саябақтары, 4 хайуанаттар паркі жұмыс істейді.

1996-1998 жылдардағы саланың құлдырауынан кейін Қазақстанда Мәдениет жылы болып жарияланған 2000 жылдан бастап саладағы ахуал елеулі жақсарғанын айта кету керек. Соңғы 5 жылда мәдениет мекемелерінің жұмысында оң үрдістер байқалды.

Театрлар саны 4 бірлікке өсті. Театрлардың жалпы санының 47-і (97,9%) мемлекеттік, 1-еуі жеке меншік нысанында. Театр өнері әр түрлі бейіндерінде жұмыс істейтін ұжымдар болып табылады, олар: 2 опера және балет, 33 драма, 4 музыкалық комедия, 4 жасөспірімдер, 5 қуыршақ театрлары.

Қазақстанда 73 тұрақты кинотеатр және 266 жылжымалы әрі стационарлық кино қондырғылары бар. 2003 жылмен салыстырғанда олардың санының өсуі тиісінше 49,3%-ды және 81,2%-ды құрады. Кино көрсетілімдерінің санын салыстыру 2001 жылдан бастап сеанстар орта есеппен 32,8%-ға өскендігін көрсетеді. Балалар сеанстарында кино көрсетілімдері үздіксіз өсуде.

Соңғы жылдары концерттік залдардың инфрақұрылымы айтарлықтай өзгерді, олардың сыйымдылығы артты, яғни 2005 жылдың басында 18477 орынды құрап отыр, ол 2003 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға артық. Қазақстанның концерттік ұйымдары сондай-ақ мемлекеттік (79%) және жеке меншік (21%) нысанында. Жыл сайын орта есеппен филармония концерттерінің саны 56%-ға, олардағы тыңдаушылардың саны 10%-ға өсіп отыр.

2001 жылдан бастап жұмыс істеп тұрған мұражайлар саны жылына орта есеппен 17,3%-ға өсті. Елдегі мұражайлардың, жалпы санының көп бөлігі (89,8%) мемлекеттік, қалғаны - жеке меншік нысанда. Ауылдық жерде 67 (40,4%) мұражай жұмыс істейді. Соңғы 2 жылда мұражайлар қорлары құнды экспонаттардың үштен бір бөлігіне толықты.

Халықтың білім деңгейінің артуымен бірге библиографиялық ақпаратқа деген сұраныс өсіп отыр, бұл кітапхана пайдаланушылары санының (2002 жылдан бастап орта есеппен жыл сайын 2,3%-ға) үздіксіз өсуіне, сондай-ақ оларды техникалық қамтамасыз етуге

(46,4%-ы дербес компьютерлермен жарақталды) әкеліп отыр. Соңғы жыл ішінде кітапханалар саны 77 бірлікке өсті. Кітапханалардың жалпы санының 2900-і (81,9%) - ауылдық жерлерде орналасқан. Елдің кітапхана қоры 115,4 млн. бірлікті құрайды.

Жыл сайын клуб тектес мекемелердің желісі (орта есеппен 9,1%) кеңейе түсуде. 2002 жылмен салыстырғанда клуб тектес мекемелердің саны 20%-ға өсті және 2004 жылы 2259 бірлікке жетті, олардың неғұрлым көп бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан. 2001 жылдан бастап клубтардың белсенділігі үздіксіз өсуде, 2003 жылмен салыстырғанда клуб ұжымдары өткізген іс-шаралар саны 5,3%-ға артты, іс-шаралардың жалпы санының үштен бірі балаларға арналған іс-шаралардың үлесіне келеді.

2004 жылы Қазақстанда 9420 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс істеді, олардың 7053 (74,9%) - ауылдық жерлерде. Көркемөнерпаздар ұжымдары негізінен хор, вокал (26,6%) және хореографиялық (23,5%) болып табылады. Ұжымдық көркемөнерпаздар шығармашылығының жұмысына 125,2 мың адам қатысты.

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында мемлекеттің Ұлттық тарихы үшін ерекше маңызы бар

тарихи-мәдени ескерткіштер қайта жаңартылуда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы N 171 қаулысымен бекітілген іс-шаралар жоспары іске асырылып жатыр. Облыс әкімдіктері тарихи-мәдени мұраны сақтаудың өңірлік бағдарламаларын іске асыруда. Қазақстан тарихының атаулы оқиғаларына арналған тарихи және этнографиялық бейіндегі мемлекеттік мұражайлардың, мемориалдардың тарамдалған желісі құрылды.

Өткен уақыт аралығында жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу және қалпына келтіру базаларын, тарихи-мәдени қорық-мұражайларын сақтау және мәдени мұра ескерткіштерін насихаттау, оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне енгізу жөнінде белгілі бір шаралар қабылданған.

Ежелгі қолжазбаларды, кітаптар мен басқа да деректерді сақтауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы жанынан Ұлттық кітап раритеттерін анықтау және сатып алу, сондай-ақ кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру жөніндегі орталық құрылды.

Президенттің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 Жарлығымен бекітілген Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының шеңберінде ауылдық елді мекендерді мәдениет объектілерімен қамтамасыз ету нормативтерін бекітетін нормативтік құқықтық кесімнің жобасы әзірленді.

Саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасының " Мәдениет туралы ", " Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы ", " Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы " заңдары қолданылып жүр. Қазіргі уақытта мұражай құндылықтарын есепке алу және сақтау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер дайындалуда.

Ұлттық кинематографияны дамытуға назар аударылып, қазақ халқының тарихына арналған ірі киножобалар жүзеге асырылуда. Фильмдерді жасауға АҚШ-тың, Қытайдың, Францияның, Ресейдің және басқа да елдердің кинематографистері қатысады. Ш.Айманов атындағы "Қазақфильм" ұлттық компаниясының киностудиясында кино өндірісінің әлемдік стандарттарына сәйкес жаңа цехтар мен бөлімдер құрылды, жаңа кино жабдықтары сатып алынды. 420-дан астам жұмыс орындары ұйымдастырылды, жаңа кәсіптер игерілді.

Астана қаласы мәдениетінің инфрақұрылымы кеңейтілуде. Бұрын ашылған екі театрға қосымша К.Бәйсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры жұмыс істейді, Президенттің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салынды және іске қосылды. Қазіргі уақытта Мемлекеттік циркті ашу және Бейбітшілік және келісім сарайын салу жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Отандық авторларды көркемдігі жоғары туындылар жасауға тарту, сондай-ақ өнерді дамыту процесін қолдау мақсатында жыл сайын "Астана-Бәйтерек" ұлттық конкурсы өткізіледі.

Халықаралық мәдени байланыстар дұрыс жолға қойылған және табысты жұмыс істеуде. 49 таяу және алыс шет елдермен және халықаралық ұйымдармен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Екі ел халықтарының мәдениетін өзара байыту мен жақындастырудың қосымша көздері болып табылған Ресейдегі Қазақстан жылы, Қазақстандағы Ресей жылы өткізілді. 2004 жылы өткен ТҮРКІСОЙ Тұрақты Кеңесі XXI отырысы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымдарына мүше мемлекеттердің мәдениет министрлерінің II жұмыс бабындағы кездесуінің өткізілуі қазіргі заманғы Қазақстан өміріндегі маңызды оқиға болды.

Тұтастай алғанда Қазақстан мәдениетінің жай-күйін тұрақты, он факторларды орнықтыруға, жаңа эстетикалық нысандарды меңгеруге деген үрдісі бар деп бағалауға болады.

Алайда мәдениет саласындағы бүгінгі ахуал жаңа бағдарламалық, көзқарасты талап етеді. Қолданыстағы заңнама мәдениет ұйымдарының, соның ішінде мемлекеттік емес меншіктегілердің қызметін толық түрде реттеу мен регламенттеуге мүмкіндік бермейді. Мәдениет саласын реттейтін заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру мақсатында"" Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жобасының жаңа редакциясы әзірленді және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілді.

Сондай-ақ саланың одан әрі дамуын тежейтін басқа мәселелерге мыналар жатады:

- 1) шығармашылық көшбасшылардың, жаңа тұрпаттағы басқару кадрлары мен арт-менеджерлердің тапшылығы;
- 2) кадрларды даярлау және қайта даярлау;
- 3) жабдықтардың қазіргі заман талаптарына жауап бермейтіндей тозуы;
- 4) кәсіптердің, оның ішінде қоғамдық мәртебесінің мәдениет пен өнер қызметкерлерін әлеуметтік қорғаудың әлсіздігіне орай төмендеуі;
- 5) мемлекеттік емес сектордың нашар дамуы.

Қазақстанның театрлары қаржылық тұрғыдан жеткілікті қамтамасыз етілмегендіктен, репертуарларын жаңа пьесалармен және көркем аудармалармен толықтыру мүмкіндігінен айырылып отыр. Елімізде ұлттық фильмдерді кең көлемде және жүйелі түрде көрсету қолға алынбаған.

Мәдениет мекемелерінің жеткіліксіз қаржыланғандығынан және материалдық-техникалық базасының әлсіздігінен халықтың мәдени қажеттілігі мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы алшақтық өсе түсуде. Бұл әсіресе ауылда байқалады. Оңтайландыру жылдары көптеген мәдениет объектілері

жекешелендірілді немесе жабылып қалды. Кітапханалардың бір бөлігі кітап қорын жоғалтқан, ал сақталып қалғандары мектептерге берілген. Қайта ашылған ауылдық кітапханалар қорларында 500-ден 1000 данаға дейін бар.

Республикада жиырма жылдан астам уақыттан бері мәдениет ұйымдары үшін үлгі ғимараттар салынған жоқ. Қазіргі уақытта көптеген өңірлерде олар лайықталған үй-жайлар - мектептерде, ауылдық әкімдіктерде және т.б. орналасқан. Клуб түріндегі мәдениет мекемелері едәуір тозған. Клуб ғимараттарының жалпы санының 671-і күрделі жөндеуді қажет етеді, 101-і авариялық жағдайда. Кітапхана ғимараттарының жалпы санының 326-сы күрделі жөндеуді қажет етсе, 39-ы авариялық жағдайда. 100-ге жуық мұражайлардың ғимараттары күрделі жөндеуді және қайта құруды қажет етеді. Ауыл мәдениетінің мұқтажына көлік, жабдықтар мен техникалық құралдарды сатып алуды мақсатты түрде қаржыландыру іс жүзінде тоқтатылды.

Саладағы біршама оң үрдістерге қарамастан, мәдениет пен өнерді мемлекет тарапынан серпінді қолдау, ынталандырулар мен көтермелеулердің жаға жүйесін құру, қазақстан мәдениетін репрезентациялау ісінде қоғамдық сектордың, үкіметтік емес ұйымдардың рөлін арттыру, әдебиет пен өнер, кино саласындағы жаңғыртуға, арт-менеджментті дайындауға арналған бағытты анықтау қажет. Шет елдер тәжірибесін зерделеу мемлекеттік тапсырысты енгізу, мәдениет патронажының анық және ұтымды құрылымын жасау, гранттар алуға конкурстар өткізу, мәдениет мекемелеріне келісім-шарт жүйесін, мәдени саясаттың жоспарлы мониторингін енгізу қажеттілігін меңзеп отыр. Сондай-ақ, мемлекет өнерді көптеген елдердің мәдени саясатын іске асыруда бүгінгі күні пайдаланылып жүрген өнер жөніндегі кеңестер - буферлік үкіметтік емес ұйымдар арқылы қаржыландыратын кездегі әлемдік практиканы пайдалануға болады. Бұл жағдайда мемлекет қаражат бөлуге араласпайды, саясаткерлер мен қызметкерлердің ақшалай қаражатты тікелей бөлуден алыста болуы үшін, шығармашылық тұлғалар саяси қысымнан немесе цензуралық араласудан қорғалуы үшін Кеңес жауап береді.

Жергілікті іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беретін өнердің кейбір дарынды өкілдеріне, оның ішінде жастарға қолдау көрсететін Қазақстанда туындап жатқан жеке және корпоративтік меценаттық және қайырымдылық мемлекет тарапынан назар аударуды талап етеді.

Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың өзекті міндеттерін шешу кешенді тұрғыдан келуді, саланы жаңғырту мен мәдениетті дамытудың жалпы әлемдік процестеріне қосуға бағытталған шараларды қабылдауды, барлық жұмыстарды 2006-2008 жылдар кезеңіне есептелген Бағдарлама шеңберінде іс-шаралар жүйесін міндеттері, мерзімі, ресурстары және орындаушылары бойынша қазіргі заманға сай ұйымдастыруды талап етеді. Осыған байланысты саланы дамыту, мәдени ортаны қалыптастыру жөніндегі басты стратегиялық бағыттарды көрсететін және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын неғұрлым

басымдық берілген міндеттерді шешуге бағытталған бірқатар өзара байланысты шараларды қабылдау аса өзекті мәселе болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты қазіргі уақыттағы мәдениетті дамыту әрі классикалық және халықтық өнердің озық дәстүрлерін сақтау үшін жағдай жасау, әлемдік мәдени кеңістікке ықпалдасу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

саланың инфрақұрылымын дамыту және мәдениет объектілерін басқару нысандарын жетілдіру;

кадрлармен қамтамасыз ету және біліктілікті арттыру;

өнерді және дарынды тұлғалардың қызметтерін дамыту үшін жағдай жасау;

халықаралық ынтымақтастық және қазақстан өнерінің үздік жетістіктерінің шет елдердегі тұсаукесері;

материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

ақпараттық қамтамасыз ету.

5. Негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес мәдениет мемлекет саясаты басымдықтарының біріне айналып отыр.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мәдениет ұйымдарын жоспарлы түрде қаржыландыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мәдениетті қайта құру жөніндегі барлық шаралар және басымдықтар секторлар мен сала қызметінің барлық аспектілерін күшейтуге, мәдениет ұйымдары көрсететін қызметтердің спектрін дамыту, сапасын көтеру үшін қажетті жағдайлар жасауға, шығармашылық одақтармен, мәдениет және өнер қайраткерлерінің басқа да қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

5.1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

Мәдениет саласын дамыту үшін нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру ұйғарылып отыр.

Жаңа өнер туындыларын жасағаны үшін төленетін авторлық қаламақы төлеудің ең төменгі нормалары, мәдениет ұйымдары үшін үлгі штаттық нормативтер бекітіледі.

Ескерту. 5.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - 2008.03.11. N 234 Қаулысымен.

5.2. Саланың инфрақұрылымын дамыту және басқару нысандарын жетілдіру

Жас ұрпақты тәрбиелеуде жаңа музыкалық-сахналық және драматургиялық шығармалар қойылымын, оның ішінде балаларға арналған спектакльдер, бүгінгі күннің тақырыбына спектакльдер жазуды қатты талап етеді. Қазақстанға және таяу шет елдерге театрлар мен концерттік ұжымдардың гастрольдік сапарлары жалғасады әрі олардың саны көбейтіледі.

Республиканың көркемөнер мұражайларының коллекцияларын бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен жоспарлы, ғылыми түрде жасақтау мақсатында республиканың жетекші суретшілері мен мүсіншілерінен өнер туындыларын сатып алу жүргізіледі.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қайта құру және пайдалану ісіндегі міндеттерді сәтті іске асыру үшін Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында "Есік", Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорықтарын және Атырау облысында "Сарайшық" мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығын құру туралы ұсыныс енгізілетін болады.

Тарихи раритеттердің өмірін жалғастыруда мұражай тәжірибесінде тиімді және сынақтан өткен тәсілдердің бірі оларды консервациялау және қайта жаңарту болып табылады. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайындағы мұражай құндылықтарын зерделеуге, сақтауға және пайдалануға сараланған тұрғыда келу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне тарих пен мәдениеттің жылжымалы ескерткіштерін қалпына келтіру мен консервациялау бойынша саланың барлық мамандарының күш-жігерін біріктіретін, сондай-ақ кадрларды даярлайтын орынға айналатын республикалық мұражай құндылықтарын консервациялау және жаңғырту орталығын ашу туралы ұсыныстар енгізілетін болады.

Рельефті-нүктелік қаріптегі кітаптарды және "сөйлейтін" кітаптарды қалпына келтіруді орталықтандырып ұйымдастыру мақсатында Республикалық зағип және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапхана жанынан республиканың зағип және нашар көретін азаматтарына арналған құжаттарды қалпына келтіру және жаңадан шығару орталығын құруды ұсынамыз.

Өңірлердегі мәдениет мекемелерін басқару және мәдениет инфрақұрылымын оңтайландыру әдістерін жетілдіру қажеттілігіне байланысты ведомстволық бағынысты мекемелерді жергілікті бюджетке кезең-кезеңмен беру, сондай-ақ мәдениет саласында жеке меншік секторды дамыту ұйғарылып отыр.

Ескерту. 5.2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 қаулысымен.

5.3. Кадрмен қамтамасыз ету және біліктілікті арттыру

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен алыс шет елдердің озық театрлары мен киностудияларына, әлемнің озық мұражай орталықтары мен кітапханаларына тағылымдамадан өту үшін және оқуға жас дарындар мен жұмыс тәжірибесі бар кадрлар (актерлар, режиссерлар, дирижерлар, музыканттар, суретші-сценографтар, костюмдер суретшісі, жарық суретшілері, бутафорлар, мұражай және кітапхана қызметкерлері) жіберіледі.

Шығармашылық алмасу мақсатында мастер-класс өткізу үшін Қазақстанға таяу және алыс шет елдерден озат режиссерлар, арт-менеджерлер, сценографтар, дирижерлар, балетмейстерлер шақырылады.

Мұражай мамандарын, реставраторларды даярлау мәселелерін шешу, мұражайлардағы маркетинг және менеджерлік қызметті сауатты ұйымдастыру, мұражай мекемелерін қалыптастырудың халықаралық идеологиясы мен тәжірибесін зерделеу үшін таяу және алыс шет елдердің мұражайтану саласындағы жетекші мамандарын шақыру арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығы жанынан мұражай қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі орталық құрылуын ұсынамыз.

5.4. Өнерді және дарынды тұлғалардың қызметін дамытуға жағдай жасау

Республиканың көркем элитасына атаулы қолдау көрсету мақсатында жыл сайын конкурстық негізде қоғамдық-маңызды көркемөнер туындыларын (пьесалар, музыкалық, сахналық шығармалар, балалар мен жасөспірімдерге арналған музыка, өлең, бейнелеу өнері мен сәулет туындыларын) жасауға гранттар нысанында мемлекеттік тапсырыс қалыптастырылатын болады.

Шығармашылықты дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында шығармашылық қайраткерлерді, дарынды музыканттар мен орындаушыларды мемлекеттік қолдау жүйесі жетілдірілетін болады.

Ұлттық "Астана-Бәйтерек" конкурстары, Қазақстан композиторларының қазіргі заманғы музыкасының фестивальдері, республикалық дәстүрлі орындаушылар конкурстары, "Елім менің" патриоттық әндер конкурстары өтеді.

Өнер қайраткерлерінің күш-жігерін шоғырландыру мақсатында 2006 жылдан бастап Шығармашылық одақтардың ассамблеясы өткізілетін болады.

Ескерту. 5.4-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 , 2008.03.11. N 234 Қаулыларымен.

5.5. Халықаралық ынтымақтастық және Қазақстан өнеріндегі үздік жетістіктердің шет елдердегі тұсаукесері

Республикаға шығармашылық тұрғыда қызығушылық туғызатын ұжымдар мен орындаушыларды тарту мақсатында Қазақстанда ірі халықаралық өнер конкурстарын, фестивальдарын ұйымдастыру мен енгізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, біздің елде әлемге белгілі көркемөнер ұжымдарымен орындаушылардың гастрольдерін, сондай-ақ, ірі шетел мұражайларының қорларынан көрмелер ұйымдастыру көзделеді. Бұлармен қатар шет елдердегі көрнекті фестивальдар мен конкурстарға қазақстан өнерінің озық өкілдерінің қатысуы жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылады.

Қазақстанда тәжірибе алмасу және көркемдік өсу үшін мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында мынандай халықаралық фестивальдар мен конкурстарды өткізу жоспарланып отыр: Орталық Азия елдерінің Халықаралық театр фестивалі, Халықаралық "Еуразия" кинофестивалі, халықаралық пианистер, скрипкашылар, вокалистер конкурстары, Халықаралық "Ұлы дала музыкасы" дәстүрлі орындаушылар фестивалі.

Қазақстандық жас орындаушылар әлемнің үздік залдарында өнер көрсетеді.

Біздің кинематографистер халықаралық фестивальдар мен конкурстарға "А" сыныбындағы халықаралық кинофестивальдарға қатысады. Таяу және алыс шет елдерде Қазақстан киносының күндерін өткізу жоспарланып отыр.

Әлемдік кеңістікке ықпалдасуды дамыту үшін таяу және алыс шетелдердің мұражай және кітапхана қорларының алмасу көрмелері, озық шығармашылық ұжымдары мен орындаушыларының гастрольдері ұйымдастырылатын болады.

Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы, Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы қорларынан, сондай-ақ таяу және алыс шет елдер мұражайларында республиканың озат суретшілерінің шетелдік көрмелері ұйымдастырылады.

Қазақстан халықтарының мәдениетін, тарихын, дәстүрлері мен әдет-ғұрпын танымал ету және Қазақстан мен Қытайдың гуманитарлық және мәдени саладағы ынтымақтастығын кеңейту, Қазақстан халықтарының рухани құндылықтарын ашу мақсатында Қытай Ұлттық кітапханасында Қазақстанның мәдениет орталығы ашылады.

Ескерту. 5.5-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен.

5.6. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Мәдениет саласы материалдық-техникалық қамтамасыз етуде маңызды қайта құруларды қажет етеді. Театрлар мен концерттік залдар, мұражайлар мен кітапханалар үшін музыкалық аспаптарды және техникалық жабдықтарды сатып алу жоспарланып отыр.

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, М.Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Кітапханасы және т.б. ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізілетін болады.

Мұражай қорларын техникалық жабдықтармен және температуралық-ылғалдандыру режимі аспаптарымен жарактандыру материалдық мәдениет туындыларын сақтау режимін қалыпқа келтіруге, қорлардың сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

5.7. Саланы ақпараттық қамтамасыз ету

Мұражай мамандарының күш-жігерлерін біріктіру үшін "Қазақстан мұражайлары" - "Музеи Казахстана" журналын жүйелі түрде шығару жолға қойылады.

Зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың қызметін, республиканың зағип қайраткерлерінің өмірі мен қызметін жария ету үшін рельефтік-нүктелік және жалпақ баспа қаріппен басылатын зағип және нашар көретін азаматтарға арналған "РБНСГ - Вести" газетін шығару қажет.

Мұражай коллекцияларымен өзара алмасу, танысу және оларға еркін қол жеткізу, ақпараттық сауаттылықты арттыру, зерделеу және оларды ғылыми мақсатта пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығы жанынан мұражай қорларының дерекқорын құру қажет.

Ескерту. 5.7-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

2006-2008 жылдарда Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджет қаражаты жіберілетін болады.

Республикалық бюджеттен жалпы шығындар 6 954,5 млн.теңгені, оның ішінде 2006 жылы - 1 503, 0 млн. теңгені, 2007 жылы - 2 831,8 млн.теңгені, 2008 жылы - 2 619,7 млн.теңгені құрайды.

2007-2008 жылдарға арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталатын (нақтыланатын) болады.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

мәдениет саласында халықты қызметтермен тұрақты жұмыс істейтін және үнемі дамып отыратын қамтамасыз ету жүйесі қалыптасады; саланы басқару жөніндегі мемлекеттік тетік қазіргі заманғы, бүгінгі күн мәдениетінің серпінді процестерін дамытуға қабілетті етіп өзгертіледі;

2006-2008 жылдары:

драма театрларда 110 жаңа қойылым және концерттік ұйымдарда концерттік бағдарламалар жүзеге асырылады жүзеге асырылады;

ұлттық және әлемдік классиканың және Қазақстанның қазіргі заманғы композиторлары туындыларының 6 операсы, 7 балеті қойылады;

Қазақстанның қалалары мен аудандарына республикалық концерттік ұйымдардың 68 гастрольдік сапарлары өткізіледі;

мыналар өткізіледі:

3 халықаралық театр және 3 кинофестиваль, халықаралық балет әртістері, вокалистер, пианистер конкурстары;

патриоттық әндер конкурстары;

республикалық дәстүрлі орындаушылар конкурстары (2006, 2008 жылдар).

Бұдан басқа, Қытайдың Ұлттық кітапханасында Қазақстанның Мәдениет орталығы ұйымдастырылады (2006 жыл);

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде нормативтік құқықтық кесімдер әзірленеді, мәдениет объектілері жөндеуден өткізіледі, 157 мұражайдың 200-ден астам экспонаттары қалпына келтіріледі, мемлекеттік мұражайлар өнер туындыларының 700 бірлігін сатып алады және республикалық мұражайлар қоры 50%-ға қайта жарақталады

Ескерту. 7-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N 1260 , 2007.08.03. N 654 , 2008.03.11. N 234

Қаулыларымен.

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжалды шығыстар (млн. теңге)	Қаржылан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1. Нормативтік және құқықтық қамтамасыз ету						
	Мәдениет саласындағы	Норма- тивтік		2006 жыл,	Талап	

1	нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу	құқықтық кесімдердің жобалары	МАМ	IV тоқсан	етілмейді	
2	<i>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен</i>					
3	Жаңа өнер туындыларын шығарғаны үшін төленетін авторлық қаламақының ең аз нормаларын әзірлеу және бекіту	Бұйрық	МАМ (жинақтау) Әділет-мині	2006 жыл, IV тоқсан	Талап етілмейді	
4	Мәдениет ұйымдары үшін үлгі штаттық нормативтерді әзірлеу	Бұйрық	МАМ (жинақтау) Еңбек-мині	2007 жыл, IV тоқсан	Талап етілмейді	
2. Сала инфрақұрылымын дамыту және мәдениет объектілерін басқару нысандарын жетілдіру						
5	"Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрі" РМҚК-ны және Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясынан бөліп алу жолымен "Солисттер Академиясы" камералық ансамблін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру; Астана қаласында РМҚК нысанында Қазақстан халықтарының Мемлекеттік би ансамблін; К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының үй-жайын беріп, "Бәйтерек" республикалық концерттік-филармониялық бірлестігін құру туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	МАМ (жинақтау) Астана қаласының әкімдігі	2006 жыл, I тоқсан	Талап етілмейді	
	РМҚК нысанында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында "Есік" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайын;					

6	Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданында "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайын; Атырау облысында "Сарайшық" мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайын; таяу және алыс шет елдерден мұражайтану саласының жетекші мамандарын шақырумен Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығы жанынан Мұражай қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі орталықты; зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана жанынан құжаттарды қалпына келтіру және жаңадан жасау орталығын; Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражай жанынан консервациялау және қалпына келтіру орталығын құру туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	МАМ	2006 жыл, I тоқсан	Талап етілмейді
7	Қазақстан бойынша және шет елдерде театрлық-концерттік ұйымдардың гастрольдік сапарларын жүзеге асыру	Бұйрық	МАМ	жыл сайын, II тоқсан	Барлығы : 388,9, оның ішінде: 2006 ж. - 70,0 2007 ж. - 144,1 2008 ж. - 174,8 Республикалық бюджет
					Барлығы : 381,4,

8	Жаңа музыкалық-сахналық және драмалық шығармаларды қоюды жүзеге асыру	Бұйрық	МАМ	жыл сайын, I тоқсан	оның ішінде: 2006 ж. - 146,1 2007 ж. - 126,0 2008 ж. - 115,3	Республикалық бюджет
9	Қазақстанның озат суретшілері мен мүсіншілерінің өнер туындыларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұражайларына тұрақты түрде сатып алуды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	жыл сайын, 10 желтоқсан	Барлығы : 26,5, оның ішінде: 2006 ж. - 12,1 2007 ж. - 10,6 2008 ж. - 3,8	Республикалық бюджет
10	Ведомстволық бағынысты бірқатар ұйымдарды кезең-кезеңмен жергілікті бюджетке беруді жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	МАМ	2006 жыл, II тоқсан	Барлығы : 227,3, оның ішінде: 2006 ж. - 96,7 2007 ж. - 130,6	Республикалық бюджет
10-1	Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында "Есік" тарихи-мәдени қорық-мұражайын ұйымдастыру (салу)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007-2008 жылдар, IV тоқсан	Барлығы : 90,4, оның ішінде: 2007 ж. - 40,0 2008 ж. - 50,4	Республикалық бюджет
10-2	Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданында "Берел" тарихи-мәдени қорық-мұражайын ұйымдастыру (салу)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007-2008 жылдар, IV тоқсан	Барлығы : 91,0, оның ішінде: 2007 ж. - 40,0 2008 ж. - 51,0	Республикалық бюджет
10-3	Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада құжаттарды қалпына келтіру және жаңадан жасау орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007 жыл, II тоқсан	2007 ж. - 2,5	Республикалық бюджет

3. Кадрмен қамтамасыз ету және біліктілікті арттыру

11	Жас шығармашылық дарындардың және мәдениет пен өнер ұйымдары қызметкерлерінің ТМД мен алыс шетелдердің жетекші театрларында, әлемдік мұражай орталықтары мен кітапханаларында оқуын және тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	Жыл сайын, қажеттілігіне қарай жыл сайын, 10 желтоқсан	Барлығы : 111,7, оның ішінде: 2006 ж. - 20,0 2007 ж. - 91,7	Республикалық бюджет
12	Озат режиссерлардың, менеджерлердің, сценаристардың, дирижерлардың, балетмейстерлердің қатысуымен мастер-класстар өткізу	Бұйрық Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007 жыл, қажеттілігіне қарай жыл сайын, 10 желтоқсан	2007 ж. - 10,0	Республикалық бюджет

4. Өнерді және дарынды тұлғалардың қызметін дамыту үшін жағдай жасау

13	Қазақстанның шығармашылық одақтарымен бірлесіп, қоғамдық маңызы бар көркем шығармаларды жасауға арналған гранттарды алуға конкурстар өткізу	Бұйрық	МАМ	2007-2008 жылдар, I тоқсан	Барлығы : 79,0, оның ішінде: 2007 ж. - 50,0 2008 ж. - 29,0	Республикалық бюджет
14	"Астана-Бәйтерек" ұлттық конкурсын өткізу	Бұйрық	МАМ	жыл сайын, I тоқсан	Барлығы : 45,9, оның ішінде: 2006 ж. - 16,0 2007 ж. - 16,0 2008 ж. - 13,9	Республикалық бюджет
15	Қазақстан сазгерлерінің қазіргі заманғы әуендері фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл, III тоқсан	2007 ж. - 10,0	Республикалық бюджет

16	Дәстүрлі орындаушы-лардың республика-лық конкурстарын өткізу	Бұйрық	МАМ	2006 жыл, IV тоқсан, 2008 жыл, IV тоқсан	2006 ж. - 13,0, 2008 ж. - 14,3	Респу-бли-калық бюджет
17	"Елім менің" респу-бликалық патриоттық әндер конкурсын өткізу	Бұйрық	МАМ	жыл сайын, IV тоқсан	Барлығы : 43,5, оның ішінде: 2006 ж. - 16,0 2007 ж. - 16,0 2008 ж. - 11,5	Респу-бли-калық бюджет
18	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен					
19	Шығармашылық одақтар ассамблеясын өткізу	Бұйрық	МАМ	2006 жыл, IV тоқсан	2006 ж. - 14,0	Респу-бли-калық бюджет
19-1	Алматы қаласында өнер туындыларының аукционын өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл, IV тоқсан	2007 ж. - 23,1	Респу-бли-калық бюджет
19-2	"Бүгінгі ауыл мәдениетінің жай-күйі мен перспективалары" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция және "Үздік мәдениет қызметкері" атты мәдениет қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі республикалық конкурсын өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл, III тоқсан	2007 ж. - 6,0	Респу-бли-калық бюджет
19-3	Қазақстанның драма театрларының республикалық фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 - 2008 жылдар	2007 ж. - 14,0, 2008 ж. - 16,0	Респу-бли-калық бюджет
19-4	Шетелдік шеберлердің қатысуымен Театр өнері қайраткерлерінің республикалық практикумын өткізу (Астана қаласы)	Бұйрық	МАМ	2007 - 2008 жылдар	2007 ж. - 12,8, 2008 ж. - 7,8	Респу-бли-калық бюджет
19-5	"Опералия" халықаралық фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 140,3	Респу-бли-калық бюджет
				2007	2007 ж.	Респу-бли-

19-6	Дәстүрлі орындаушылардың Әміре Қашаубаев атындағы республикалық конкурсын өткізу	Бұйрық	МАМ	жыл	- 13,0	калық бюджет
19-7	Жас орындаушылардың "Жас қанат" республикалық конкурсын өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 - 2008 жылдар	Барлығы : 6,7, оның ішінде: 2007 ж. - 3,7 2008 ж. - 3,0	Республикалық бюджет
19-8	Балалар шығармашылығының республикалық конкурстарын өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 - 2008 жылдар	Барлығы : 13,2, оның ішінде: 2007 ж. - 6,5 2008 ж. - 6,7	Республикалық бюджет
19-9	"Алматы - менің алғашқы махаббатым" фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 34,3	Республикалық бюджет
19-10	Қуыршақ театрларының халықаралық фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 6,8	Республикалық бюджет

5. Халықаралық ынтымақтастық және қазақ өнерінің үздік жетістіктерінің шет елдердегі тұсаукесері

20	Орталық Азия елдерінің Халықаралық театр фестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	2006 жыл, III тоқсан, 2008 жыл, III тоқсан	Барлығы : 60,8, оның ішінде: 2006 ж. - 30,8 2008 ж. - 30,0	Республикалық бюджет
21	"Еуразия" халықаралық кинофестивалін өткізу	Бұйрық	МАМ	жыл сайын	Барлығы : 659,4, оның ішінде: 2006 ж. - 159,4, 2007 ж. - 240,0, 2008 ж.	Республикалық бюджет

					- 260,0	калық бюджет
22	Пианистердің, скрип- кашылардың, вокалис- тердің халықаралық конкурсын өткізу	Бұйрық	МAM	жыл сайын, IV тоқсан	Барлығы : 57,0, оның ішінде: 2006 ж. - 24,1 2007 ж. - 21,9 2008 ж. - 11,0	Респу- бли- калық бюджет
23	"Ұлы Дала әуендері" дәстүрлі орындаушы- лық өнердің халықа- ралық фестивалін өткізу	Бұйрық	МAM	2006 жыл, IV тоқ- сан, 2008 жыл, IV тоқсан	Барлығы : 17,4, оның ішінде: 2006 ж. - 10,2 2008 ж. - 7,4	Респу- бли- калық бюджет
24	Балет әріптестерінің халықаралық конкур- сын өткізу	Бұйрық	МAM	2006 жыл, IV тоқ- сан, 2008 жыл, IV тоқсан	Барлығы : 26,1, оның ішінде: 2006 ж. - 14,2 2008 ж. - 11,9	Респу- бли- калық бюджет
25	Қазақстанның жетіс- тіктерін кәсіптік көркем ұжымдардың күшімен шет елдерде танытуды қамтамасыз ету	Бұйрық	МAM	2006- 2008 жыл- дар, қажет- тілі- гіне қарай	Барлығы : 194,2, оның ішінде: 2006 ж. - 34,2 2007 ж. - 50,0 2008 ж. - 110,0	Респу- бли- калық бюджет
26	Жетекші шығармашылық ұжымдарды, солист- терді, орындаушылар- ды Қазақстанға гастрольге шақыруды	Бұйрық	МAM	2007- 2008 жыл- дар, қажет- тілі- гіне	Барлығы : 339,6 оның ішінде: 2007 ж. - 188,0	Респу- бли-

	ұйымдастыру			қарай	2008 ж. - 151,6	калық бюджет
27	Қазақстандық театр ұжымдарының ірі халықаралық фестивалдардың жұмысына қатысуын қамтамасыз ету	Бұйрық	МAM	2006-2008 жылдар, қажеттілігіне қарай	Барлығы : 181,5 оның ішінде: 2006 ж. - 57,5 2007 ж. - 70,0 2008 ж. - 54,0	Республикалық бюджет
28	Қазақстандық орындаушылардың халықаралық конкурстарға қатысуын және жас дарындар мен озат орындаушылардың әлемнің ең жақсы залдарында өнер көрсетулерін қамтамасыз ету	Бұйрық	МAM	2006-2008 жылдар, қажеттілігіне қарай	Барлығы : 22,8, оның ішінде: 2006 ж. - 5,7 2007 ж. - 11,4 2008 ж. - 5,7	Республикалық бюджет
29	Қазақстандық кинематографистердің "А" сыныбындағы халықаралық кинофестивальдар жұмысына қатысуларын қамтамасыз ету	Бұйрық	МAM	2006-2008 жылдар, қажеттілігіне қарай	Барлығы : 36,6, оның ішінде: 2006 ж. - 13,0 2007 ж. - 13,6 2008 ж. - 10,0	Республикалық бюджет
30	Таяу және алыс шет елдерде Қазақстанның кино күндерін өткізу	Бұйрық	МAM (жинақтау) СІМ	2007 жыл, қажеттілігіне қарай	2007 ж. - 10,0	Республикалық бюджет
31	Қазақстанда Эрмитаж және Третьяков галереясы (Ресей Федерациясы) қорларының өнер туындылары көрмелерін ұйымдастыру	Бұйрық	МAM (жинақтау) СІМ	жыл сайын, II тоқсан	Барлығы : 48,0, оның ішінде: 2006 ж. - 14,9 2007 ж. - 20,0	Республикалық бюджет

					2008 ж. - 13,1	калық бюджет
32	Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы, Қазақстан Республикасы Президентінің мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық мұражайы қорындағы өнер туындыларының көрмелерін, сондай-ақ республиканың озат суретшілерінің көрмелерін таяу және алыс шет елдерде ұйымдастыру	Бұйрық	МАМ (жинақтау) СІМ	2007-2008 жылдар, III тоқсан	Барлығы : 70,0, оның ішінде: 2007 ж. - 20,0 2008 ж. - 50,0	Республикалық бюджет
33	Александрия кітапханасында (Каир, Египет Араб Республикасы) Қазақстан Республикалық Ұлттық кітапханасының кітапхана қорларынан көрмелер ұйымдастыру	Бұйрық	МАМ	2007 жыл, III тоқсан	2007 ж. - 12,7	Республикалық бюджет
34	Қытай Халық Республикасының Ұлттық кітапханасында Қазақстан мәдениетінің орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2006 жыл, 10 желтоқсан	Барлығы : 7,5, оның ішінде: 2006 ж. - 3,5 2007 ж. - 4,0	Республикалық бюджет
34-1	Қазақстанның Қытайдағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 10,7	Республикалық бюджет
34-2	Қазақстанның Өзбекстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 14,2	Республикалық бюджет
34-3	Тәжікстанның Қазақстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	2007 ж. - 10,8	Республикалық бюджет
					2007 ж.	Республикалық бюджет

34-4	Қазақстанның Украинадағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2007 жыл	- 56,8	калық бюджет
34-5	Қазақстанның Моңғолиядағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008 ж. - 24,9	Республикалық бюджет
34-6	Қазақстанның Тәжікстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 6,	Республикалық бюджет
34-7	Украинаның Қазақстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 82,0	Республикалық бюджет
34-8	Иорданияның Қазақстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 10,6	Республикалық бюджет
34-9	Египеттің Қазақстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 17,2	Республикалық бюджет
34-10	Катардың Қазақстандағы Мәдениет күндерін өткізу	Бұйрық	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 10,6	Республикалық бюджет
34-11	Өлгей қаласында (Монғолия) Қазақстан мәдениетінің орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2008 жыл	2008ж. - 30,0	Республикалық бюджет

6. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

35	Республикалық бағыныстағы мәдениет объектілерінің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	жыл сайын, 10 желтоқсан	Барлығы : 3077,2, оның ішінде: 2006 ж. - 752,7 2007 ж. - 1100,0 2008 ж. - 1224,5	Республикалық бюджет

36	Республикалық мұражайлардың және мұражай-қорықтардың қорларын қазіргі заманғы техникалық жабдықтармен жарақтандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007-2008 жылдар, 10 желтоқсан	Барлығы : 9,5, оның ішінде: 2007 ж. - 8,1 2008 ж. - 1,4	Республикалық бюджет
7. Саланы ақпараттық қамтамасыз ету						
37	"Қазақстан мұражайлары" - "Музей Казахстана" журналының шығуын жолға қою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	жыл сайын, 10 желтоқсан	2006 ж. - 5,0	Республикалық бюджет
38	<i>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен</i>					
39	Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған "РБНСГ-Вести" газетінің рельефтік-нүктелік және жалпақ баспа кәріптерімен шығарылуын жолға қою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2007 жыл, II тоқсан	Барлығы : 1,5	Республикалық бюджет
40	<i>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.11. N 234 Қаулысымен</i>					
41	Мыналарды: Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында "ҚазМАРК" ұлттық коммуникативті форматын; Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында Кітапханааралық абонемент және электрондық құжаттарды жеткізу орталығын құру туралы ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	МАМ	2006 жыл, I тоқсан	Талап етілмейді	
	Республикалық бюджеттен жиыны				Барлығы : 6954,5, оның ішінде: 2006 ж. - 1503,0 2007 ж. - 2831,8 2008 ж.	

2007-2008 жылдарға арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына сәйкес "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен анықталатын (нақтыланатын) болады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

МAM - Мәдениет және ақпарат министрлігі

CIM - Сыртқы істер министрлігі

AШM - Ауыл шаруашылығы министрлігі

Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Әділетмині - Әділет министрлігі